

Қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, аса дарынды дарабоз ақын, Халықаралық Алаш сыйлығының иегері, жерлесіміз Дәуітәлі Стамбековтің туғанына 60 жыл.

Прошу ко мне относится критически, но уважительно.
Поэты сорокалетние у нас, на Руси—долгожители.
Но как мне сполна расплатиться за славу, с избытком
отпущенную,

за то, что я стал должником,
за то, что я старше Пушкина?!

Евгений Евтушенко.

Оққа да тостың кеуденді,
Енді ешкім сені қинамас.
Осынау жұмыр жерге енді,
Келмейді сендей бұйра бас.
Д.Стамбекұлы.



Сен Ақтоғайдан шыққан керім едің. Дәлірек айтқанда, Тоқырауындай өзені бар, Шатыршадай кезені бар, Аюлының етегіне, Қарағандының жетегіне бейіл «Қоңырат» ауылында өмірге келген едің. Байтақ қазақ даласында Ақтоғай атты жер көп. Бірақ біздің Ақтоғайдай қайдан болсын?! Бұл—күре тас жолдар түсіне де кірмеген, темір жолдар тұсына да маңайламаған, әуе жолы теріс айналып кеткен және содан еш жамандық көрмеген, керісінше, әлгіндей жолдармен

жету үшін әр жүз түйеден кейін бір атанның көзін кеміретіп, ноғалалап, меже белгілеген ғой. Сол есеппен алғанда арғы нағашың қайтқанда тұсына алты жүз атан байланғанына иланбасақ та, алпыс атан бұйдаланғанына сенерміз. Азалы ат үстінде жетім-жесірге жетектетіп жіберу үшін бөлінген осынша мал да аз дүние емес-ау. Ал сенің атағы осындай дәулетімен емес, қыл қобызды күңіреткен өнерімен шыққан, есімі өнер энциклопедиясына енген бертіндегі нағашың—Өшірбек ақсақалды қайда қоярмыз? Бұған әріден

Осынау жұмыр жерге енді келмейді сендей бұйра бас...

Естелігімнің тақырыбы сенің «Пушкин рухымен сырласу» атты туындынан осы өлең жолдарын таңдап алып отырмын. Бұл дүние өзің асығыс аттанып кетердің аз-ақ алдында жазылған екен.

Енді қарап отырсам, ұлы Пушкинге ғана емес, Пушкинше бұйра шашы иығына төгіліп, Пушкинше бұрқыратып өлең жазған, Пушкинше кара плащ, кара шляпасын киініп, Пушкинше бақиға шұғыл бет түзеген өзіне де арналып жазылған дүниедей екен. Айырмасы—ұлы ақын серттен өлсе, сен дерттен өлдің...

сіністі күйін кешкен пақырмын.

Беу, Дәуітәлі Мәдібекұлы Стамбеков, екеуіміз тірлікте қанша кездеспедік, қанша сөйлеспедік?! Екі үйдің аяқ-табағын араластырып тастап, исі қазақтың бір-бірінде бір омыртқа сыбағасы бар екенін кара қазанның бүлкілімен дәлелдеп, қаншама ой көрігін қыздырмадық, сезім желігін желбіретпедік?! Ауық-ауыз «Жетісу-2» мен «Қазақфильмнің» арасын шаңға бөктіріп, шақырысып тұрмасақ, әңгімедүкен құрмасақ, көңіліміз көншімейтін. Бұл—біздің бір-бірімізді біліскен немесе білуге

(Дос сыры)

ныңың шалғайынан шыққаныңды айғақтап тұратын. Жалпы, сенің туа бітті қазақы болмысың түптің-түбінде қаланың табытына түсуге көнгенімен, қалыбына түсуге көнбеген күйі сызатсыз кетті.

Сен өзіңнің «Салыстырмалы шындық» деген өлеңінде:

Мен әккілеу болармын,

Өзің пәксің, далам-ау.
Айырмасы олардың
Бізден гөрі балалау.
Сәбилігі жоғалған

ілесіп келер бейәдеп атаулыдан ада, жері жомарт, елі мәрт мамыражай мекен.

Бұл—аудан болып ән салып, ауыл болып күй шертіп, жасының аузынан нақыл, жасамысының көмейінен ақыл төгілген топырақ. Бір шәугім шәйін бір ән айтып алмай ішпейтін, іргеден самал ессе, есіктегі сәбиі уілдей жөнелетін басқа бір Ақтоғайды тапсаң, көпсінбеспін. Бірақ таппассың. Тапқан күнде де, бәрін болмаса да, біраз әнін, біраз күйін табарсың, біраз серілігі мен біраз жомарттығын табарсың. Тағы сондай қасиеттерімен еншілес өрнектеріне жолығарсың.

жеткен алтын арқауды үзбей көмейіне бұлбұл ұялаған анан мен өміріңнің қайратқа толы күндерін елге қызмет етіп, ат үстінде өткізген әкең Мәдекеңнің алғыр қасиеттерін қоссақ, ақын болмаған күнде айтулы бір азамат болып қалыптаспауға әддің жоқ-ты.

Бірақ сен өлеңнің жолын өбектеп Алматы астың. Сондағы бар сүйенгенің—өлеңің, таянғаның—талантың болатын. Арман-мұратқа жету үшін мұның аздық ететінін сезбедің демеймін. Тірек іздеу, сүйеніш сағалауға келгенде тікірейе қалатын мінезің болуы еді. Әзір бойы сол

қиға шұғыл бет түзеген өзіне де арналып жазылған дүниедей екен. Айырмасы—ұлы ақын серттен өлсе, сен дерттен өлдің...

Евгений Евтушенко өзінің осыдан отыз жыл бұрын жазылған «Долголетие» атты өлеңінде: «Менің жасым Пушкиннің, Лермонтовтың, Есениннің, Маяковскийдің жасынан асып кетті. Мен әлемнің алпыс төрт елінде болып, маған дейінгі ешбір орыс ақынының пешенесіне бұйырмаған кереметті көрдім. Тіпті ұлы Пушкиннің өзін шетелге шығармай шідерлеп ұстаған. Маған өркениет өкілдерімен бірге тұңғыш түкпірде қалған тайпалардың көсемдері қол шапалақтады. Мен Мемлекеттік хатшылар мен ьәм Президенттермен сөйлестім. Сөйтіп жүргенде менің көрген құрметім де, жасаған жылдарым да Пушкинге бұйырған несібеден асып кетті. Мұным астамшылық емес пе?»—деп дана ақын рухы алдында өзін айыпты сезінгендей ауыр күй кешеді.

Дәуітәлі сен де менен екі жас үлкен едің. Бірақ:

Сұлтан жатыр бір төбенің басында,

Сол баяғы өлген жылғы жасында,—деп Жүмекен Нәжімеденов дастанында айтылғандай, ит тірліктің қамытын киген менің жасым ілгері жылжи беріпті де, сенің жасың жарық дүние жанарынан жалт бұрылған сәтпен шектеліп қалыпты... Осы тұрғыдан алғанда, мен де Евгенийдің құр-

ның» арасын шаңға бөктіріп, шақырысып тұрмасақ, әңгімедүкен құрмасақ, көңіліміз көншімейтін. Бұл—біздің бір-бірімізді біліскен немесе білуге тырысқан ширек ғасырдан астам тірлігіміздің үйреншікті суреттерінің бірі еді.

Әрине, ширек ғасыр білісу дегеніміз сонша уақыт көрші отыру, жақын қоныстану деген сөз емес. Мен ауылда, сен Алматыда тұрған сонау алыс жылдардың өзінде арада жатқан мың шақырым мен жылына жалғыз-ақ рет жүздесетініміз аздық етіп, арамызды алшақтата алған емес. Ал, мен Алматыға көшіп келген 1985 жылдан бастап бірге туған бауырдай боп кетіп едік. Осының бәріне алысты көкसेген мұратымыздың ұқсастығы себеп болды-ау деймін.

Біздің достықтың тағы бір дәнекері—сенің Алла жаратқан адал болмысыңнан айнамай, күн көрістің қамы үшін құбылмай, ақиқатты айтар сәтте бұғынбай, жалаңқол жауға шабар нартәуекел мінезің дер едім. Сенің тағы бір төтен қасиетің—сонау қазақи қаймағы бұзылмаған Ақтоғай деген өлкеден шикіөкпе жас кезінде Алматы деген алып қалаға топ ете түсіп, бүкіл ғұмырыңды есепқисабы мол ортада өткізе тұра, соның есеп-қисабымен мұрныңды да сұртпеуің еді ғой. Өйткені сен тумысыңнан далалық болатынсың. Сенің сөйлеген сөзің, айтқан әзілің, шерткен домбыраң, шырқаған әнің, ішкен асың—бәрі-бәрі сол бағзы дала тұрғыны шапа-

мын,
Өзің пәксін, далам-ау.
Айырмасы олардың
Бізден гөрі балалау.
Сәбилігі жоғалған
Жандар қандай шын күпті?!

Айырмамыз олардан
Көп білеміз сұмдықты,—депсің. Әрине, типтендіру тұрғысынан туған тармақтар болар. Мен білетін, ел білетін Дәуітәлі өмір сүрудің «құрт» оқуын—кулық оқуын оқыпты дегенді естіген емеспін. Сен әккі болсаң, ең болмағанда алдыңа Аллаң айдап әкелген үлесіңе ұмтылып, басқа-басқа, бірдей бас бухгалтер әкең Мәдібек қалтаңа басып берген қаражатпен бір жыртығыңды қымтайтын едің ғой. Әй, «сұмдықты көп білетін» Дәукенім-ай, тым болмаса сен осыны да жасамадың ғой. Сен осындай едің. Қолда барыңды жұртпен бөлісіп-үлесіп, «таңғы тамақ—тәңірден» деп жүре беретіңсің. Қанағаты мен ынсабы мол сен үшін бәрі жеткілікті болатын. Жетпейтіні болса—азғантай ғана әккілік еді.

Өмір бойы арғымақ өнеріңді баптап, сұлу ой, сырлы сезіміңді жұптаудан басқаның бәрін жиып тастап, ошақтың қамын жан-жарың Фаридаға, өлеңнің қамын бір тәңірге тапсырып, қара көзәйнек тағынып, аппақ киім киініп, пушкин шашты иығыңа шиырып, заманыңның сегіз сағат қызметіне байланбай, табысты жерге айналмай, азаттықты ішетін ас, мінетұғын ат еткен, жақсыны дос, жамандарды жат еткен Сен

біраз әнін, біраз күйін табарсың, біраз серілігі мен біраз жомарттығын табарсың. Тағы сондай қасиеттерімен еншілес өрнектеріне жолығарсың.

Бірақ біздің Ақтоғай атырабына кіндік қаны тамып, алты Алаштың ардағына айналған Әлихан Бөкейханов, тұңғыш математика докторы Әлімхан Ермеков, тұңғыш заң магистрі Жақып Ақбаев секілді серкелерді, 24 жасында КСРО халық әртісі атанған қазақтың бұлбұл қызы (бұл тенеуді Сталинге телитіндер де бар) Күләш Байсейітованы, Күләштің аталас туысы, қазақ ән өнерінің дарабоз тарланы, Қазақстанның халық әртісі Манарбек Ержанов (бұл кісінің тынысы ерекше кең көмейін өзі өлген соң мұражайда сақтауға рұқсатын беруді сұрап, саудаласқан шетелдіктер болды деген әңгіме де бар) сынды өнер еркелерін таппассыз. Тек осылар ғана ма? Айта берсек, ар жақтағы алтын бастау мен бер жақтағы күміс жылғалардың тізімі тым ұзарып кетер. Дәуітәлі, сен осындай асылдар шыққан алтын құндақтан жаратылған жырдың жас перісі едің.

Алтын құндағың Ақтоғай болғанда, сенің өз жорегің де осалдың сойынан емес еді. Ата жұртың Тобықты дүмділігін былай қойғанда, нағашы жұртыңнан да нәр алатын жөнің бар еді. Сенің анаң Мәкең (Мағрипа) айтатын «Арғы атамыз түгеншекең қайтыс болғанда тұсына алпыс ноғалалы атан байлаған» деп. Заманыңда түйелі байлар мал есебіне тез

үшін мұның аздық ететінін сезбедің демеймін. Тірек іздеу, сүйеніш сағалауға келгенде тікпәйе қалатын мінезің болушы еді. Өмір бойы сол гадетіңе бактың. Өйткені, сен Алматыға өзге біреулерді іздеу үшін емес, өзінді табу, өзінді тану үшін келдім деп есептейтіңсің. Бұл сенің қайраты тасыған өзімшілдігің емес, өзгеге міндет-сідетімді артпайын деген өзгешелігің еді. Жалпы, сен өлеңнен өзге ештеңе іздемеген жан едің.

Сен ақша да, атақ та кумадың, қызмет те, пәтер де сұрамадың. Осылардың бірі болмаса, біріне жәрдемдесер ағайын табуға да тырысқан жоқсың. Тіпті, 1980 жылы «Қазақфильм» шағынауданындағы әдемі пәтірінді алар кезде бар құжатың дұрыс болып, қалалық тіркемең болмай қалыпты дегенге кім сенер?! Үй-жай алар кезде қалалық тіркемең болуы Тоқырауын қазағына да міндеттілік екенін сен қасқа ескермей жүре бергенсің ғой. Әй, Дәуітәлі-ай, егер генерал Совет аға болмағанда, ақын Қасымнан мұраға қалған қиындықты одан кейін де қанша жерге сүйреріңді кім біліпті?! Осындай аңғал бейкамдығың да бар еді-ау!

Сен тіпті редакцияларға өлеңдеріңді, баспаларға қолжазбаларыңды тапсырғаныңмен, артынан іздеп бара бермейтіңсің. Жақсы дүниені жетектеп шығарам ба, өздері білсін дегендей түзде тобылғы торы сыранды сіміріп, үйде

(Жалғасы бар).